

3. Давыдова Л.Н., Колокольцева М.А., Рябова Е.В. инклюзивті білім беру және адамгершілік қатынастар: бір мәселенің қырлары. – М.: Ленанд, 2018. – 200 б.

4. Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға және/немесе мүгедек балаларға инклюзивті білім беруді ұйымдастыру: басшыларға, педагогтарға, сүйемелдеу мамандарына (логопед-мұғалімдерге, дефектолог-мұғалімдерге, педагог-психологтарға, әлеуметтік педагогтарға, тьюторларға) арналған әдістемелік материалдар / автор.- құрамы.: Л.М. Беткер, М.И. Еременко, Н.В. Лопаткина. Ханты-Мансийск: РИО ИРО, 2016. 90 б.

5. Богинская Ю. В. мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен бастауыш мектептің инклюзивті білім беру ортасы: кеішенді тәсіл // гуманитарлық ғылымдар. 2015. № 4(32). 47-53 бет.

6. Фуреева Е.П., Алпатов Н. с. логопедиялық абилитация ерте балалық шақта сөйлеуді дамытуға көмек түрі // ғылыми мұра. 2021. № 58-3(58). 39-42 бет.

7. Рябова Е.В. инклюзивті білім беруде бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге гуманистік көзқарас // ғылым мен білімнің қазіргі мәселелері. 2020. № 3. Б.36.

8. Лагунина Е.С. интегративті ортадағы құрдастарымен сөйлеу қабілеті бұзылған бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас ерекшеліктері // тұлға, отбасы және қоғам: Педагогика және психология мәселелері. 2014. № 38. 190-195 бб.

9. Малофеев Н.Н., Шматко Н.Д. интеграцияланған оқытудың негізгі модельдері / / Дефектология. 2008. № 1. 71-78 ББ.

10. Игнатьева С.А. ОНР бар ересек мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті-сөйлеу әрекетінің жай-күйін бағалау // даму кемістігі бар балаларды тәрбиелеу және оқыту. 2007. № 2. 29-32 бет.

УДК 376.37

МРНТИ 14.23.09

Қ.Ү. Шайжанова¹, Ж.Ө. Ақын²

¹психол.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ, karlahanym.70@gmail.com

²курс магистранты zhanar.akyn@mail.ru

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ РИТМИКА ЖӘНЕ КИНЕЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың саны артуда. Және оған әсер ететін факторлар сан түрлі. Қазіргі өмір сүру талаптарына байланысты ақпараттардың көп болуы, ата-аналардың балаларына көңіл бөлмеуі балалардың дамуына өзіндік кері әсерін беруде. Бұл жағдай қазіргі заманғы жалпы педагогикалық проблема болып табылады және бұл мәселені ең бірінші педагогикалық бағытта логопед мамандар көмекке келеді. Балалардағы сөйлеу тілінің жалпы дамымауы негізінде еске сақтау, қабылдау, түсінік, қиял секілді процесстер дамымайды. Жаттығу барысында бас ми бөлігінің екі жағыда бірдей жұмыс жасап, өзара бір-бірімен байланысқа түседі. Бұл мақалада логопедиялық ритмика және кинезиологиялық жаттығулар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардағы сөйлеу тілін дамытудың тиімділігі көрсетіледі. Мақалада сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың логопедиялық ритмика және кинезиологиялық жаттығулар арқылы түзету жолдары айтылады. Логоритмика сөйлеу тілін жетілдіруге, іс-қимыл дағдысын қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерді дамытуға көмектеседі.

Түйінді сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, логопедиялық ритмика, қозғалыс, кинезиологиялық жаттығу, логопедия.

Шайжанова К.У.¹, Ақын Ж.Ө.²

¹к.психол.н., доцент КазНПУ им. Абая, karlahanym.70@gmail.com

²магистрант 2 курса zhanar.akyn@mail.ru

РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ЛОГОПЕДИЧЕСКУЮ РИТМИКУ И КИНЕЗИОЛОГИЧЕСКИЕ УПРАЖНЕНИЯ

Аннотация

В настоящее время растет число детей с общим недоразвитием речи. И факторы, влияющие на него, разнообразны. Наличие большого количества информации, связанной с современными требованиями к выживанию, невнимательность родителей к своим детям оказывают свое негативное влияние на развитие детей. Данная ситуация является общей педагогической проблемой современности, и в первую очередь на помощь приходят специалисты-логопеды педагогического направления. На основе общего недоразвития речи у детей не развиваются такие процессы, как память, восприятие, понимание, воображение. Во время упражнения обе части мозга головы взаимодействуют друг с другом, работая одинаково. В данной статье показана эффективность развития речи у детей дошкольного возраста с помощью логопедической ритмики и кинезиологических упражнений. В статье излагаются способы коррекции дошкольников с общим недоразвитием речи с помощью логопедической ритмики и кинезиологических упражнений. Логоритмика способствует совершенствованию речи, формированию навыков действий, развитию творческих способностей.

Ключевые слова: дошкольники, общее недоразвитие речи, логопедическая ритмика, движение, кинезиологические упражнения, логопедия.

Shaizhanova K.U.¹, Akyn Zh.O.²

¹candidate of psychological sciences, associate professor KazNPU named after Abai, karlahanym.70@gmail.com

²2nd year master's student zhanar.akyn@mail.ru

SPEECH DEVELOPMENT OF PRESCHOOLERS THROUGH SPEECH THERAPY RHYTHMICS AND KINESIOLOGICAL EXERCISES

Abstract

Currently, the number of children with general speech underdevelopment is growing. And the factors influencing it are diverse. The presence of a large amount of information related to modern requirements for survival, the inattention of parents to their children have their negative impact on the development of children. This situation is a common pedagogical problem of our time, and first of all, speech therapists of pedagogical direction come to the rescue. Based on the general underdevelopment of speech, children do not develop such processes as memory, perception, understanding, imagination. During the exercise, both parts of the brain of the head interact with each other, working in the same way. This article shows the effectiveness of speech development in preschool children with the help of speech therapy rhythmic and kinesiologial exercises. The article describes ways to correct preschoolers with general speech underdevelopment using speech therapy rhythmic and kinesiologial exercises. Logorhythmic contributes to the improvement of speech, the formation of action skills, the development of creative abilities.

Keywords: preschoolers, general underdevelopment of speech, speech therapy rhythmic, movement, kinesiologial exercises, speech therapy.

Қысқашы. Жыл сайын әр түрлі сөйлеу бұзылыстары бар балалар көбеюде. Сөйлеу бұзылыстарының пайда болу себептерінде әртүрлі болып келеді. Басты себептерінің бірі ата-аналардың балаларына көңіл бөлмеуі, баламен қарым-қатынасқа түспеу, неше түрлі аурулардың көбеюі, қоршаған ортаның ластануы секілді факторлар әсер етеді. Сөйлеу тіліндегі бұзылыстар еске сақтау, ойлау, қиял, қарым-қатынасқа түсе алмау секілді психикалық процестер дамымайды. Бұл баланың

психикалық жағдайына тікелей әсер етеді. Логопедиялық ритмика және кинезиологиялық жаттығулар мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда таптырмас әдіс болып табылады.

Зерттеу әдістемесі. Логопедиялық ритмика - бұл қозғалыс, ырғақ (музыка), және сөйлеу тілін қамтитын әдіс болып табылады. Логопедиялық ритмика - әртүрлі сөйлеу бұзылыстарын жеңуге көмектесетін белсенді іс-қимыл терапиясының бір түрі. Логопедиялық ритмика педагогикалық түзетудің эмоционалдық түрі болып келеді. Балалардағы сенсорлық және моторлық бұзылыстарды түзетеді. Логопедиялық ритмика және кинезиологиялық жаттығулар нәтижесінде балаларда даму деңгейі жоғарлады. Балалардағы дыбыстық бұзылыстар, сөзжасам, сөздік қор, еске сақтау қабілеті, назар аудару, ойлау секілді психикалық процесстер дамыды.

Логопедиялық ритмика және кинезиологиялық жаттығумен бірлесе жұмыс жасай отырып, баланың сөйлеу тілін тиімді түзетуге мүмкіндік береді. Логопедиялық ритмика сонымен қатар емдік реабилитациялық жаттығу болып есептеледі. Г.А. Волкова логопедиялық ритмиканы белсенді терапия негізінде тәрбиелеу және емдеу барысында неше түрлі аномальді бұзылысы бар балаларды және сөйлеу бұзылысы бар балаларға тиімді әсер етеді деп тұжырымдаған [2].

Логоритмика бұл барлық адамдар үшін пайдалы әдіс болып табылады, әсіресе мынадай бұзылыстары бар балалар үшін:

- тұтықпа;
- ұсақ моторикасының дамымауы;
- үйлесімді қозғалыстың бұзылуы ;
- дизартрия;
- сөйлеу тілінің жалпы дамымауы;

Логопедиялық ритмика сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларға екі негізгі бағытқа назар аударады.

- Сөйлеу тілін қалыптастыру: жалпы ұсақ қол моторикасын дамыту, кеңістікті бағдарлай алуы, қимыл-қозғалысты үйлестіре білу, бұлшықет тонусын қалыпқа келтіру, музыкалық ритм мен темпті қалыптастыру, зейін мен есте сақтау қабілетінің белсенділігін арттыру.

- Сөйлеу бұзылыстарын түзету: дұрыс тыныс алуды, дауысты қалыптастыруды, сөйлеу қарқынын және интонациялық мәнерлігін дамыту, мимикалық және артикуляциялық аппаратты қалыптастыруды қамтиды.

Логоритмиканың мақсаты: баланың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды қимыл-қозғалыс арқылы түзету және алдын алу.

Логоритмиканың негізгі мәселелері:

- жалпы және ұсақ қол моторикасын логоритмикалық ойындар арқылы қалыптастыру;
- дұрыс тыныс алу қабілетін дамыту және артикуляцияны жақсартуға арналған жаттығулар;
- кеңістікті бағдарлай алуы;
- сүйемелденетін әуен арқылы үйлесімді қимыл-қозғалыс қабілетін дамыту;
- бұлшықет тонусын қалыпқа келтіруге арналған жаттығулар;
- зейінді қалыптастыру жаттығулары;
- балалардың музыкалық аспаптармен жасалатын жаттығулары;

Әдістемелік әдістерге мыналар жатады:

- жаттығуды көрсету;
- қимыл-қозғалысты бірлесіп орындау;
- ауызша нұсқаулықтарды орындау;

Логоритмикалық жаттығулар барысында мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда бас бөлігінің екі жарты шары жақсы дамиды. Балалардағы әр қарайғы даму процесі, оқу үлгерімі, жаңа дағдыларды меңгеруі бас бөлігінің екі жарты шары өзара дамуына байланысты. Баланың даму процесі неғұрлым жақсы болса, баланың оқу және жазу дағдыларын оңай меңгереді, спортта жетістікке жетеді және басқа да адамдармен оңай әрі тез қарым-қатынасқа түсе алады. Бас бөлігінің екі жарты шары баланың 12-15 жасына дейін қалыптасады, даму процесі бірнеше сатыдан өтеді. Бірақ ғалымдар 3-8 жас аралығындағы кезеңге ерекше мән береді, дәл осы кезеңдерде көріп қабылдау, естіп қабылдауы, дыбыстарды ажырату секілді интеллектуалды қабілеттер қалыптасады [6].

Логоритмика және кинезиологиялық жаттығуларға мысал:

"Жаңа жыл" жаттығуы:

Жана жыл келді! (қол шапалақтау).

Балалар шыршаны айналып жүреді (қолдарын созып, бір-бірлерінің қолдарын ұстау).

Шыршада неше түрлі әдемі ойыншықтар ілінген (саусақтарды екі қолға кезекпен қосып, доп жасау).

Шамдар жарқырайды (қолдармен шамдарды бейнелейді).

Шыршадағы жұлдыз жарқырайды (жұдырықтарын бір-бірлеп қысып, содан соң босатады).

Қар ұлпалары жерге түседі (қолдарын біркелді артқа және алға сермейді).

Қонаққа Аяз ата келді (саусақтармен тізені басу).

Аяз ата барлығына сыйлықтар алып келді (бір-біріне алақанын сипайды).

Сыйлықтарды санау үшін, біз саусақтарымызды кезекпен бүгеміз (балалар тізелерін шапалақтайды: бір қол – алақанмен, екінші қол – жұдырықпен, содан кейін оны алмастырады).

1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 (әр саусақты кезекпен уқалайды).

«Жаңбыр»

Бір, екі, үш, төрт, бес (екі аяқпен секіру)

Серуенге жаңбыр шықты (жүру)

Жаңбыр баяу жүрді (қолын екі жаққа созып, иығын көтеру)


Кенеттен жаңбыр бір жазуды көреді (оң қолдың сұқ саусағымен солдан оңға қарай оқу).

Көгалдандырылған шөппен жүруге болмайды (баспен шайқау)

Жаңбыр ақырын күрсінді (терең тыныс алу және дем шығару)

«Жұдырық-қабырға-алақан» жаттығуы:

Үстел бетінде қолдың үш түрлі позициясы бірінен соң бірі кезекпен орындалады: жазықтықтағы алақан, жұдырық күйдегі қол және алақанды ашық күйде тік ұстау. Жаттығу ең алдымен оң қолмен содан кейін сол қолмен орындау қажет. Содан кейін қос қолмен 8-10 рет қайталап жасау қажет.



"Құлақ-мұрын" жаттығуы

Сол қолмен мұрнынның ұшын ал оң қолмен қарсы құлақты ұстау қажет. Бір уақытта қолды мұрын мен құлақтан алып, шапалақтап, жаттығуды алмастырып орындау қажет.



Р.Е. Левина сөйлеу тілінің дамымауының психологиялық-педагогикалық классификациясын ұсынды. Осы классификация негізінде сөйлеу паталогиясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дамуының үш деңгейін анықтады. Баланың бір деңгейден екінші деңгейге ауысуы сөйлеу тілінің белсенділігін жоғарлатады. Сонымен қатар баланың жеке даму қарқыны бұзылыстың күрделілігі мен оның деңгейіне байланысты. Ұсақ қол маторикасы баланың жүйке жүйесінің дамуына үлкен әсер ететіні дәлелденген. В.М. Бехтерев ұсақ қол маторикасы сөйлеу қызметімен тығыз байланысты және сөйлеу жүйесін дамытады деген тұжырымдамаға келген. Ғалымдардың зеттеу

нәтижесінде жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда ұсақ қол маторикасының қызметі жеткілікті түрде дамымаған [5].

А.Н. Корнев пен И.Н. Садовникова жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда қимыл-қозғалысының бұзылысы нәтижесінде бұлшықет тонусының өзгерісіне және қол бұлшықетінің әлсіздігіне әсер етеді деп айтқан. Осы ғалымдардың тұжырымдамасын қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі бұзылған балаларға логопедиялық кешенді түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуі қажет. Әдебиеттерді талдай келе жалпы сөйлеу тілін логопедиялық ритмика және кинезиологиялық жаттығулар арқылы түзетіп-дамытуға болады деген қорытындығы келді. Г.Р. Шашкина логопедиялық ритмика әр түрлі сөйлеу паталогиясы бар балаларға қимыл-қозғалыс, ырғық (музыка) және сөздер арқылы түзету-дамыту әдісі болып табылады. Логопедиялық ритмика және кинезиологиялық жаттығулар ұсақ қол маторикасы мен сөйлеу жүйесіне оң әсер етеді. Г.Р. Шашкина логопедиялық ритмиканың негізгі мақсаты сөйлеу тілі бұзылысын қимыл-қозғалыс қызметін түзету мен дамытудан тұрады. Логопедиялық ритмика Г.Р. Шашкина, Р.Л. Бабушкина, О.Ю.Филатова, Н.Н. Гончарова, Е.В. Прокопенко секілді авторлық әдістемелік құралдарда көрсетілген. Логоритмикалық сабақтар барысында ритмикалық жаттығулар, зейін мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар, артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, релаксациялық жаттығулар жүргізіледі. Бұл баланың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды оңтайлы түзету-дамыту әдісі болып табылады. Нәтижесінде баланың сөйлеу тілі, ұсақ қол маторикасы, буындық және сөздік қоры, естіп қабылдауы, кеңістікті бағдарлауы, еске сақтау секілді психикалық қабілеті дамиды [10].

Қорытынды. Логопедиялық ритмика және кинезиологиялық жаттығулар мектепке дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларға кешенді түзету-дамытудың оңтайлы әдісі болып табылады. Себебі, бұл әдіс арқылы баланың эмоционалды жағдайы, интеллектуалды қабілеті, логикалық қабілеті, қарым-қатынас дағдылары, іс-қимыл дағдысы, сөйлеу, тыныс алу, ырғақты сезе білу секілді қабілеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдісті тұрақты қолдану арқылы баланың сөйлеу тілін жақсартуға болады. Сондай-ақ бала қоғамдағы адамдармен еркін және тез қарым-қатынасқа түсе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Коренева Т.Ф. Музыкально-ритмические движения для детей дошкольного возраста: 2-х книгах. -М.: ВЛАДОС,2001-464 б.
2. Волкова Г.А. Логопедическая ритмика / Г.А. Волкова. – М.: Владос, 2003. – 272 б.
3. Журова, Е.Л., Эльконин, Д.Б. К вопросу о формировании фонематического восприятия у детей дошкольного возраста // Сенсорное воспитание дошкольников / под ред. А.В. Запорожца, А.П. Усовой. – М. : Просвещение, 2013. – 228 б.
4. Кольцова М.М. Ребенок учится говорить / М.М. Кольцова. – М.. 2019. – 192 б.
5. Левина, Р.Е. Воспитание правильной речи у детей / Р.Е. Левина. – М. : Просвещение, 2018. – 31 б.
6. Буренина А.И. Ритмическая мозаика: программа по ритмической пластике для детей. - СПб.:ЛОИРО, 2000. - 40 б.
7. Визель Т.Г. Ребенок и его развитие. - М.:В.Секачев,2016. - 140 б.
8. Глозман Ж.М. Нейропсихология детского возраста: учеб.пособие для студентов высших.учеб.заведений . – М.:ИЦ «Академия», 2009. - 272 б.
9. Кольцова М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга ребенка. – М.,1973
10. Бабушкина Р.Л. Логопедическая ритмика в коррекционно-развивающей работе с детьми младшего дошкольного возраста, страдающими общим недоразвитием речи / Р.Л. Бабушкина // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. – 2008. – № 88. 42-46 б.